Шумен күресу шаралары. Зауытта шумен күрестің тиімді жолы оның көзіндегі деңгейін машиналар құрылысындағы технологияларды өзгерту есебінен азайту болып табылады. Шудың шығатын нысанында жою үшін үшін құралдар таңдау қажет. Ол үшін шудың шығу себебін және оны азайту үшін қандай жабдық таңдау, нендей әдіс-амал істеу керектігін білу қажет. Шудың көбі өндірістегі жабдықтың, машиналардың, станоктардың, әр түрлі тетіктерінің жұмыс істегенде шығаратын дыбыстары: тісті айналғыштар, подшипниктер, өзара соқтығысатын бөлшектер және т.б. тісті берілістердің шуын азайту үшін тістендіргішті ауыстыру арқылы оларды өңдеу, жинау дәлдігін анықтау қажет. Мұндай шаралар тобына шулы процестерді шусыз процестермен ауыстыру арқылы қол жеткізуге болады. Мысалы, шегелеуді дәнекерлеумен, соққылыны соққысызбен алмастыру, қалыптауды қысымдаумен араластыру және т.б. ең шулы станоктардың бірі шегелегіш автоматты станок болып табылады. Шегелегіш автоматта шу металл бөлшектерінің өзара соқтығысуынан шығады: пуассон шеге басын, жылжығыш-бағытауыштармен, таратқыш білік эксцентрігі қисық иіннің шарнирлі қосылыстарының беру тетігінің ролигімен, сырғу подшипниктері және тісті ұстағыштар соғылысы.

Сырғу подшипнигінің соғылуын азайту үшін бұлғақ төлкесін, шығару тегершігіндегі жылжығыш пен жынжығышты капролоннан жасайтын болды, соның нәтижесінде шу 12 дБ-ға дейін төмендеді. Болаттан жасалған түйіскіш тетіктерді шойынмен ауыстырғанда, шу 3...4 дБ-ға азайды. Сондай-ақ, тісті тетіктердің тістүрі де шуды әр түрлі шығарады. Мысалы, дөнес, қиғаш, шербон тістер аса шулы болмайды.

Шуды азайтуда подшипниктерді сапалы жасаудың, білікке тығыз отырғызу және қалқанша ұяларының қиғаштықсыз болуы және қыспауының

да маңызы бар. Подшипниктерді майлау, дұрыс отырғызу да шуды азайтуға мүмкіндік береді. Сырғыш подшипниктер аз шу шығарады.


Жеңілдеткіш жүйелердің, ауамен жылыту жүйелерінің, компрессорлардың, газ-турбиналы қондырғылардың жұмысы аэродинамикалық текті шу шығарады. Аэродинамикалық шуды азайту үшін шуды басатын қисық сызықты арналары бар бөлшектер пайдаланылады, дыбыс оқшауламаларын қолданады, шубасқыштар орнатады, дыбыс оқшаулайтын материалды қаптамалар кигізіледі және т.б. қолданылады. Шуды төмендетуге мүмкіндік болған жағдайда, шу шығаратын жабдықты жеке бөлмеге қояды, ал қашықтан басқару тетігін шуы аз бөлмеге орналастырады.

Дыбыс жұту әдісімен шуды азайту дыбыс жұтқыш материалдардың кедергісінің болмауы себепті дыбыс тербелістері бөлшектерінің жылу энергиясына айналу принципіне негізделген. Дыбыс энергиясы қаншалықты көп жұтылса, соншалықты бөлмедегі шу бәсеңсиді. Сондықтан, бөлмедегі шуды азайту үшін оның ішкі беттері дыбысжұтқыш материалдармен қапталады.

Дыбыс жұтқыш кеуекті, кеуекті-талшықты, экранды, мембраналы, резонансты, қатпарлы және көлемді болып жабылады.

Кей жағдайларда шу деңгейін азайтуда перфорацияланған алюминий, пластмасса желектерімен жабылған дыбысжұтқыш кеуекті материалдармен жабылады. Шудың жоғары жиілігінде дыбыс жұту коэффициентін арттыру үшін дыбыс оқшаулама қабаттарын ұсақ және жиі перфорацияланған қорғаныш қабығымен жабады, сондай-ақ асқын шу көзі болатын жабдыққа конус, куб түріндегі дыбысжұтқыштар қолданылады. Шумен күресте сәулет жобалау, құрылыс шараларының мәні де зор. Ал техникалық шешімдер қолданыстағы нормативтік талаптарды қамтамасыз ете алмайтын жағдайда, шудың ұзақ әсерін шектеу қажет.

Шу деңгейін жабдықтың жанына акустикалық материалмен жабылған дыбыс тосқауылдарын, дефлекторлар, ағаш немесе металл панелдерін қойған жағдайда азайтуға болады. Діріл шуын арнаулы тұғырларға дірілдеуіш беттерді, қоршауларды, қаптамаларды белгілеу арқылы, сондай-ақ шулы механикалық бөлшектерді пластика немесе резеңке жабындармен жабу арқылы төмендетуге болады. Шуды машиналардың айналу және қозғалу бөліктерін арнаулы май жағу жолымен де азайтуға болады.



6.1 сурет - Бөлмедегі шудың аз болуы ішкі және сыртқы қабырғалардың арасында көбікзат құйылған ағашпен жабылғанда қамтамасыз етіледі. Мұндай көбік дыбыс бөнеуіл рөлін атқарады. Төбені дыбыс сіңіргіш материалдармен жабады. Жабдықты бедерлі төсенішке орналасады.

Шудан қорғану жолдары. Шудан қорғанудың екі түрі болады: біріншісі – ұжымдық, ал екіншісі – жеке. Осыларға жеке тоқтала кетсек.

Ұжымдық қорғану шаралары. Шуды төмендетудің ең тиімді жолы – шуды тудыратын көзін жою. Шудың пайда болу сипатына байланысты келесідей болып бөлінеді:

- механикалық шу (діріл);
- аэродинамикалық шу;
- электромагниттік шу;
- гидродинамикалық шу;

Біз осы көрсетілгендернің арасынан зауытқа байланысты механикалық және электромагниттік шу әсерінен болатын процесстерді қарастырамыз.

Механикалық шуды азайтудың жолы құрылғыларға уақытында жөндеу жасалып, соққылы процесстерді соққысызға ауыстырып (штамптауды-пресстеуге, шегелеуді-пісіруге, шабуды-кесуге және т.б.), айналмалы бөліктерді майлап, олардағы тепе-теңдікті сақап тұру керек. Айналмалы бөліктердің подшипниктерін ауыстыру да ең негізгі шаралардың қатарына жатады.

Электромагнитті шудың көзі электромагнитті өрістің әсерінен қозғалысқа келетін элементтерді айтады (ротор, статор). Бұндай тектегі шуды азайту үшін айналмалы бөліктерді үнемі тазалап оларды түзеп, электр қозғалтқыштарының щеткаларын тазалығын қамтамасыз ету керек.


Шуды төмендетудің кең етек алған түрі – акустикалық тәсілдерді пайдаланып шудың таралу көздеріне бөгет жасау. Оларды былайша сипаттап кетсек болады:

1. дыбысты жұту құралы;
2. дыбыстық изоляция құрылғысы;
3. дыбысты жұтқыштар.

Бөлмедегі шуды дыбысты жұту құралы арқылы өшіру бөлмені акустикалық өңдеу арқылы жүзеге асады. Осы мақсатпен келесі шаралар қолданылады:

бөлменің қабырғасының ішкі бөлігін дыбысжұтқыш материалдарымен қаптау (2-сурет, а);

бөлменің төбесіне әр түрлі дыбыс жұтқыштарды ілу (2 сурет, б).



6.2 сурет - Бөлмені акустикалық өңдеу: а – бөлменің қабырғасын қаптау: 1-перфорленген қорғаныс қабаты; 2-дыбыс жұтқыш материал; 3-шыны маталы қорғаныс; 4-қабырға бөлігі; 5-ауа қуысы; 6-дыбыс жұтқыш материалдан жасалған плита; б – әр түрлі дыбыс жұтқыштар

Жеке қолданыс құралдарын қолдану ұжымдық және басқа қорғаныс құралдары шудың шектік деңгейін азайтуға мүмкіндік етпеген жағдайда қолданады. Жеке қолданыс құралдары қабылданатын дыбыс деңгейін 10...45 дБ дейін төмендетуге мүмкіндік береді, әсіресе адам үшін аса қауіпті жоғары жиіліктегі шуды елеулі азайтады.

Бір сөзбен айтқанда, шудың пайда болатын көзінен бастап жою шарасы ұжымдық қорғаныс болып саналады.

Жеке қорғаныс шаралары. Шудан жеке қорғаныс құралдары құлақты жауып тұратын қарсы құлаққаптарға, шуға қарсы ішпектерге, шуға қарсы дулығаларға және дулығалы қалпақтарға және шу костюмдеріне бөлінеді.

Шуға қарсы дулыға басты толықтай жабады, олар өте қатты шу деңгейінде құлаққаптармен және шу костюмдерімен қатар қолданады.

Шуға қарсы ішпектер қатты, созылмалы және талшықты материалдармен жасалады. Олардың бір рет қана және көп рет қолданатын түрлері болады.

Өндірістік шу жағдайында жұмыс істейтіндерге әсер ететін шу деңгейі өлшеніп отыруы керек. Жұмысшы өз құлағының естуін жыл сайын тестілеп отыруы керек, ал жұмыс беруші жеке қорғаныс құралдарын (ЖҚҚ) пайдалануды қатаң сақтау керек.

Шудан қорғаныс құралдарының типтері орындалатын жұмыс сипатына және шу деңгейіне байланысты. Жеткілікті ЖҚҚ келетін шу деңгейін азайтуы тиіс. Өте шулы ортада құлақ ішпектерін, құлаққаптарын міндетті түрде пайдалану қажет.

Құлақ ішпектерін құлаққа бекітеді және құлақ ішіне шу өтуден сақтандырады. Құлақарнылық жұмсақ ішпектер болып табылатын тостағаншалар лентаға бекітіледі де құлақ саңылауына жабысырылады. Ішпектер құлақ саңылауы жолында болуы керек, ал лента бастын төбесінен жайлап ұстап тұруы қажет. Бұлардың көптеген түрлерін кезестіруге болады. Оны жұмыс берушінің өзі ыңғайына қарай таңдап алады.

Құлаққаптардың көп ретқолданатын түрлеріне қатаң түрде медициналық шаралар жасалып тұруы керек. Оларды жиі тазалап, құлақ ауруын тудыратын жұқпалы дерттерден сақтандыру міндетті болып саналады.

6.2.2 Шудың дейгейіне акустикалық есеп жүргізу.

Компрессорлық станциядағы газдық турбина.

7.2 кесте Есеп берілгендері.

Шу көздерінің саны	4
ШК-нен ЕН-не дейінгі ара қашықтық	$r_1=r_2=11,2$ $r_3=10,3$ $r_4=12,3$
Көлемі, м ³	850
$B / S_{ор}$	1,5
$l_{max}, мм$	
Бақылау кабинасының параметрлері	12*10*5
Қабырға ауданы, $S_1, м^2$	60
Есік ауданы, $S_2, м^2$	120
Қабырға ауданы, $S_3, м^2$	5
Терезе ауданы, $S_4, м^2$	4

Шешуі:

Есептік нүктелердегі октава деңгейі келесі формула:

$$L_{общ} = 10 \cdot \lg \left(\sum_{i=1}^m \frac{\Delta i \cdot \chi \cdot \phi_i}{S_i} + \frac{4 \cdot \psi}{B} \cdot \sum_{i=1}^n \Delta i \right) \quad (6.1)$$

$$L_{общ} = 10 \cdot \lg(50923,02 + 4,806 \cdot 10^6) = 66,86$$

мұндағы: $\Delta i = 10^{0,1 \cdot L_{pi}}$

L_{pi} – дыбыс қуатының октава деңгейі, дБ.

m – шу көздерінің саны.

n – жалпы шу көздерінің саны.

$$r_2 < 5 \cdot r_{i \min} = 5 \cdot 10,3 = 51,5$$

χ – акустика өрісіне жақын әсер ететін коэффициент, $r_{i \min} / I_{\max}$

қатынасына байланысты аламыз.

I_{\max} – шу көздерінің ең үлкен мәні.

$$r_{i \min} / I_{\max} = 10,3 / 1,5 = 6,86 > 1,7, \text{ сондықтан } \chi = 1$$

Φ – шу көздерінің бағыты, бірге тең деп аламыз.

S – аудан.

Ψ – дыбыс өрісінің диффузиялық бұзылуын анықтайтын коэффициент.

$$B / S_{огр} = 1,5, \Psi = 0,83$$

B – аумақ тұрақты

$$B = B_{1000} \cdot \mu$$

I – аумақ түрін таңдадым, яғни адамдар саны аз аумақ.

$$B_{1000} = \frac{V}{20} = \frac{850}{20} = 42,5$$

Жиілігі 63 Гц болғандағы есеп үлгісі:

$V = 850 \text{ м}^3$ болатын аумақ үшін μ мәндерін аламыз.

	63
μ	0,65

Октава жиілігінің орташа геометриялық жиілігі, Гц	63
L_p	70

Октава жиілігінің орташа геометриялық жиілігі, Гц	63
$L_{дон}$	99

Турбина үшін жиілігі 63 Гц болғанда, $L_{pi} = 70$ дБ болады
Барлық жылікті есептейміз, яғни:

$$\Delta_1 = \Delta^{0,1 \cdot L_{pi}} = 10^{0,1 \cdot 70} = 10^7$$

$$S_1 = \pi r^2 = 3,14 \cdot 11,2^2 = 393,88 \text{ м}^2$$

$$S_2 = 2 \cdot 3.14 \cdot 10.3^2 = 666.24 \text{ м}^2$$

$$S_3 = 4 \cdot 3.14 \cdot 12.3^2 = 1900 \text{ м}^2$$

$\sum_{i=1}^m \frac{\Delta i}{S_i}$ формуласы арқылы келесіні аламыз:

$$\sum_{i=1}^4 \frac{\Delta 4}{S_4} = \frac{10^7}{393.88} + \frac{10^7}{393.88} + \frac{10^7}{666.24} + \frac{10^7}{1900} = 50923.02$$

Содан кейін $B_{63} = B_{1000} \cdot \mu_{63}$ формуласы:

$$B_{63} = 42.5 \cdot 0.65 = 27.63$$

μ - коэффициенттің мәні:


$$\frac{4 \cdot \psi}{B} \cdot \sum_{i=1}^4 \Delta_3 = \frac{4 \cdot 0.83}{27.63} \cdot 4 \cdot 10^7 = 4.806 \cdot 10^6$$

$$\Delta L_{TP} = L_{обш} - L_{дон} = 66.86 - 99 = -32.135 \text{ дБ}$$

Шуды төмендету үшін жүргізілетін жұмыстар

$$R_{TP} = L_i - 10 \cdot \lg B_u + 10 \cdot \lg S_i - L_{дон} + 10 \cdot \lg n$$

$$B_u = \frac{V}{10} = \frac{600}{10} = 60 \text{ ,м}^2$$



6.3 сурет - Компрессорлық станциядағы газдық турбинаның сұлбасы


6.3 Электр қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі техникалық және ұйымдастыру шаралары

Электр қауіпсіздігі электр қондырғының конструкциясымен, техникалық шаралармен, амал мен құрал, ұйымдастыру іс-шараларымен қамтамасыз етілуі тиіс.

Адамды электр қондырғыларының ток жүрмейтін бөліктеріне жанасудан қорғауда қорғаныстық жерге қосу және нөлдеу қолданады.

Қорғаныстық жерге қосу дегеніміз, кернеу астында қалуы мүмкін болған электр қондырғылардың металды бөліктерін жермен арнайы қосуды айтамыз. Қорғаныстық жерге қосуды машина корпусының, аспаптардың, электр инструменттерінің, каракас, щит, пульт және шкафтардың металды корпустарына, сонымен бірге металдық муфталар, электр сымдарының болаттан жасалған трубаларының металды бөліктеріне жүргізеді.

Қорғаныстық жерге қосудың мақсаты, ол корпус пен жер арасындағы кернеуді, яғни жанасу кернеін және де соған байланысты адам денесі арқылы жүріп өтетін тоқты қауіпсіз шамаға дейін азайту болып табылады.(7.2 сурет)



6.4 сурет- Электр қондырғысын нөлдеу схемасы

Жерге қосқыштар табиғи және жасанды болуы мүмкін. Табиғи жерге қосқыш ретінде ғимараттардың жерге көмілген ток өткізетін бөліктерін, су және басқа құбырларын, кабельдік қорғасын қабатын пайдалануға болады. Бірақ табиғи жерге қосқыш ретінде газ және басқа да жарылғыш заттар жүретін құбырларды пайдалануға болмайды.

Жасанды жерге қосқыш ретінде болат, мыстан жасалған құбырларды және басқа металды қолданылады. Оларды траншеяға топырақ қатпайтын деңгейде көміледі. Жерге қосқыштар бір-бірімен балқытылып (сварка) бекітіледі.

Жерге қосатын сымдар оқшауланған және оқшауланбаған болуы мүмкін. Егер жерге қосатын сым ретінде мыс сымын пайдалансақ, оның қимасы 4 мм^2 аз болмауы керек, ал алюминийде - 6 мм^2 .

Жерге қосқыштар және жерге қосатын сымдардың жалғанған түйіспелері болуы керек.

Қорғаныстық жерге қосу құрылғысының техникалық жағдайын анықтау үшін оларды мезгілімен тексеріп және кедергісін өлшеп тұру керек.

Кәсіпорындарда қорғаныстық жерге қосу құрылғысының кедергісін өлшеу жылына 2 рет жүргізіледі: жазда (топырақ кепкен кезде), қыста (топырақ қатқан кезде).

Қорғаныстық жерге қосу өзінің құрылысы бойынша сыртқа шығарылған және контурлық болуы мүмкін. Соңғы жылдары контурлық жерге қосу көп қолданысқа ие. Ол аудандардағы потенциалдардың теңесуіне және адам мен жанасу кернеулерінің азаюына алып келеді.

Нөлдеу кернеуі 1000 В дейінгі бейтарабы терең жерге қосылған төрт сымды үш фазалы тораптарда қолданады.

Нөлдеу дегеніміз, кернеу астында қалуы мүмкін болған электр қондырғысының металл бөліктерін қорғаныстық нөлдік сыммен қосуды айтамыз.

Нөлдеудің мақсаты- бір фазалы қысқа тұйықталудың корпусқа өтіп кетпедің алдын -ала отыра, қорғанысты іске қосып және қоректену торабынан электр қондырғысын минимум уақыт ішінде ажырату.

Қорғау құралы ретінде балқыма сақтандырғыш және автоматты ажыратқыш қолданылады.

Нөлдеу құрылғысында қоректену көзінең бейтарабы жерге міндетті түрде қосылуы керек. Ол, нөлдік сымдағы, сонымен бірге фазалардың жерге кездейсоқ тұйықталуында электр қондырғысының корпусындағы кернеуді азайтуға жүргізіледі.

Қорғаныстық ажырату құрылғысы


Қорғаныстық ажырату дегеніміз, электр қондырғысына токқа түсіпқалу қаупі туғанкезде, оны автоматты түрде ажыратуды қамтамасыз ететін тез әрекет ететуші қорғаныс.

Токқа түсіп қалу қаупі туғанкезде, сол тізбекті тез ажырату мақсатында қорғаныстық ажырату құрылғысы (УЗО) қолданылады.

Олар жерге қосу немесе нөлдеу сияқты қорғаныс шараларынан бөлек түрде де және оларға қосымша түрде де қолданылады. (Көпжағдайларда 1кВ электр қондырғыларында қолданысқа ие: жылжымалы электр құрылғылары, электр инструменттері, жерге қосу және нөлдеу мүмкін болмаған стационарлы электр қондырғыларында). Қорғаныстық ажырату құрылғысының (УЗО) сұлбасы 6.4 –суретінде көрсетілген.

УЗО сұлбасы корпус пен көмекші жерге қосқыш аралығына қосылған кернеу релесінен КР (РН) тұрады, ол корпусындағы кернеудің мәнішекті рұқсат етілетін мәнінен асып кеткенде іске қосылады және ол автоматты ажыратқыштың (АВ) айыру катушкасымен (ОК) тізбекті тұйықтайды. Жетістігі – қарапайым және сенімді.

Кемшілігі – селективтілігі және өзін өзі бақылауының жоқтылығы сонымен бірге көмекші жерге қосқышты пайдалануы.



6.5 сурет - Қорғаныстық ажырату құрылғысының (УЗО) сұлбасы

7 Экономикалық бөлім

7.1 Жалпы бөлім

7.1.1 Жобаны жасаудың мақсаты

Бұл жобаның мақсаты “ Электртермиялық жабдықтар зауытын” электрмен жабдықтаудағы экономикалық тиімділіктің есептік мәндерін көрсету.

Салынып жатқан қосалқы станса Алматы қаласында орналасады. Қосалқы станса тұрғын үйлер секторынан тыс аумақта орналастыру көзделіп отыр. Оның электр тарату желілерін темірбетон тіректерден салу арқылы максималды эксплуатациялық шығындарды азайту жобалануда.

Қосалқы станса құрамына 35/6 кВ қуаттары 25 МВА үш трансформатор, ашық тарату құрылғылары, комплектілі тарату құрылғылары және ортақ қосалқы станса басқару ғимараты кіреді.

7.1.2 Нарықты талдау

Тұтынушыларды энергиямен қамту тапшылығына байланысты болашақта ҚС жаңарту үлкен қолданысқа ие болады.

Экономикалық және қаржылық көрсеткіштердің тиімділігіне байланысты есептік мерзім 20 жыл болып алынды. Есептік мерзімнің ішіне кіретіндер энергетикалық объектінің салыну уақыты, уақытша пайдалану мерзімі және кәдімгі пайдалану жылдары.

Қаржылық-экономикалық бағаның барлық көрсеткіштері теңгемен алынған.

7.1.3 Электр энергиясының тарифі

Қосалқы стансаның сату көлемі, тауар сапасы, баға деңгейі және орташа табысы бойынша бәсекеге қабілетті болуы тиіс және бұл басты көрсеткіш болып саналады. Электр энергиясының тарифі Алматыда орнатылған тарифпен бірдей болады.

7.1.4 Өндіріс жоспары

Электротермиялық зауыттың құрылыстық нормативтерге сәйкес 12 ай ішінде салынып бітеді.

Электротермиялық зауыттың жылда өндіретін энергия көлемі 289,14 млн. кВт·сағ деп жоспарлануда. Қосалқы стансның жүктелу коэффициенті $K_3=0,7$, қуат коэффициенті $\cos\alpha=0,6$, өзіндік мұқтаждық трансформаторлардың қуаттарының 10 пайызын құрайды, жобаланып отырған қосалқы стансаның максималды жүктелу уақыты 4800 сағат.

7.1.5 Ұйымдастыру жоспары

Қосалқы станса жаңа, автоматтандырылған электр қондырғыларымен жабдықталған, электр тоғымен жұмыс істеу барысында жоғары сенімділікті қамтамасыз етеді.

Қосалқы стансаның қондырғы бөлігіндегі ремонтты, яғни арматураларды орнату және тоқ сымдарын жалғау жұмыстарын, кәсіпорын қызметкерлері іске асырады. Осындай жөндеу жұмыстарын арнайы мамандырылған жұмысшылар атқарады.

7.1.6 Заңдық жоспар

Энергиялық объектідегі эксплуатациялық ремонт және құрылыс жұмыстарын іске асыру үшін озіндік мұқтаждықтарын өтеуге потенциалдық инвесторлардың көмегімен орындалады.

Кредитті проценті бойынша төлеу, жылдық табыстың 13% алынады. Процент бойынша кредитті, Қазақстанның Халық банкіне төленеді.

7.1.7 Экологиялық ақпарат

Қосалқы станса экологиялық жағдайы бойынша барлық санитарлық нормаға сай келеді.

7.2 Энергетикалық нысанның техника-экономикалық көрсеткіштерін есептеу

7.2.1 Электр стансасын салуға қажетті қаржыны анықтау

Қосалқы стансаның элементтерінің едәуір физикалық және моральдық тозуы зардапқа әкеледі. Бұл зардап электр тоғымен жабдықтаудың жиі бұзылуы және электр энергиясының толығымен жіберілмеуі түрінде болуы мүмкін.

Бұл қосалқы станса шамамен 30-40 жылдан астам уақыт бойы пайдаланыста болуы тиіс және де түбегейлі қайта құру мен модернизациялауды қажет етеді. Орта есеппен оның тозуы шамамен 70-80 пайызды құрайды.

Осыдан былай қосалқы стансаны пайдалану мүмкіндігі төмендейді. Бұл оның қайта қалпына келтіру мен жөндеу жұмыстарына кеткен шығындардың өсуіне байланысты болады.

Жобада қосалқы стансаның ажыратқыштарын майды аз қолданатын немесе элегазды ажыратқыштармен алмастыру нұсқалары қарастырылған.

Жобадағы салыстырылып отырған екі нұсқа да шамамен бірдей деңгейдегі сенімділікті көрсетеді. Сондықтан да тұтынушыларға электр энергиясының жіберілмей қалуынан болған мұнан арғы нұқсан ескерілмейді. Бұдан басқа электр тораптарының қажеттілігіне қажетті ақша бір уақытта салынады. Жылдық ұстанымдарды тұрақты деп санаймыз.

Электр стансасының модернизациялануына кететін капиталдық салымды анықтайық.

Қосалқы стансаға қажетті барлық қаржы салымдары бойынша есептеулер 7.2.1-кестеге енгізіледі.

7.1 кесте – Нысанға салынатын қаржы

ТҚ немесе жабдық	Жабдық саны	Бір жабдық құны, млн.теңге.	Жалпы құны, млн.теңге.
Ажыратқыш 35 кВ	2	0,36	0,72
Ажыратқыш 6 кВ	2	0,28	0,56
Айырғыш 35 кВ	2	0,018	0,036
Кернеу шектегіш 35 кВ	2	0,105	0,21
БТҚС трансформаторы	2	39	78
Ток трансформаторлары	6	0,5532	3,319
Барлығы:			82,845

Электр энергиясын тасымалдау желілері бойынша барлық қажетті қаржы салымдарды есептеулер 6.2.2-ші кестеге енгізіледі.

7.2 кесте - Желіге кететін қаржы

Желі	Желі саны	Жалпы желінің ұзындығы, км	Бір км желінің құны, млн.теңге.	Желінің жалпы құны, млн.теңге (жөндеу базасы мен байланыс желісін қоса есептегенде)
35 кВ	2	5,5	2,7	14,85
Барлығы:				14.85

7.3 Инвестициялық жоспар

Зауыттың цехтарының электр жүктемесі туралы мәліметтер (кесте 1). Зауыт қуаты энергожүйенің қосалқы станциясынан 600МВА қуатпен қоректенеді. Қосалқы станцияда қуаттары 25МВА, кернеуі 37/6,3 кВ үш трансформатор орнатылған. Трансформаторлар бөлек жұмыс жасайды. Жүйенің 37кВ жағындағы реактивті кедергісі 0,4ке тең. Энергожүйе подстанциясынан зауытқа дейінгі ара қашықтық 5,5 км. Зауыт үш ауысыммен жұмыс істейді.

$$\Sigma K = K_0 + K_c + K_m + K_{пр}, \quad (7.1)$$

$$K_0 = 82,845 + 14.85 = 96,965 \text{ млн.тг,}$$

мұндағы K_0 -қондырғылар сатып алуға кететін ақша жұмсау қаражаты, ΣK -ның 73 %-ын құрайды;

K_c -құрылыс жұмыстарына кететін ақша жұмсау қаражаты, ΣK -ның 14%-ын құрайды;

K_m -монтаждау және іске қосу, баптау жұмыстарына кететін ақша жұмсау қаражаты, ΣK -ның 7 %-ын құрайды;

$K_{пр}$ -басқа да шығындарға кететін ақша жұмсау қаражаты, ΣK -ның 6%-ын құрайды.

Қондырғылар сатып алуға кететін қаражат:

$$K = (96,965 \cdot 100) / 73 = 132,83 \text{ млн.тг}$$

Құрылыс жұмыстарына кететін қаражат:

$$K_c = (132,83 \cdot 14) / 100 = 18.6 \text{ млн.тг}$$

Монтаждау және іске қосу, баптау жұмыстарына кететін қаражат:

$$K_m = (132,83 \cdot 7) / 100 = 9,3 \text{ млн.тг}$$

Басқа да шығындарға кететін қаражат:

$$K_{пр} = (132,83 \cdot 6) / 100 = 8 \text{ млн.тг}$$

Бұл мәнді (6.1) формулаға қойып есептесек:

$$\Sigma K = 96,965 + 132,83 + 18,6 + 9,3 + 8 = 265,7 \text{ млн.тг}$$

Зауыттың қосалқы стансасында қуаты 10 МВА екі трансформатор орнатылған. Сонда толық қуатымыз $S = 20$ МВА болады. $\cos\varphi = 0,6$ деп аламыз. Сонда:

$$P=S \cdot \cos \varphi, \quad (7.2)$$

$$P=20 \cdot 0,6=12 \text{ МВт},$$

мұндағы $\cos \varphi$ – активті қуат коэффициенті.

Келісімді қуат W – энергожабдықтау құрылымымен келісілген максималды жүктеме кезіндегі абоненттің есептік сағаттық қуаты.

Трансформатор үш ауысымдық режимде жұмыс істейді. Сондықтан трансформаторлардың максимум қолдану сағат саны $T_m=(4800-6000)$. Максимумды қолдану уақыты $T_m=4800$ сағат деп таңдадым. Осыдан:

$$W=P \cdot T_m, \quad (7.3)$$

$$W=12 \cdot 4800=57600 \text{ мың кВт} \cdot \text{сағ}.$$

Кәсіпорын шығындарына кіргізілетін амортизациялық аударылымдардың сомасы әртүрлі әдістермен анықталуы мүмкін. Егер жаңадан өндірілген өнімнің құнына біртекті берілетін негізгі қорлардың құнына тең болу шартынан шығатын болсақ, онда төмендегідей анықтауға болады:

$$Z_{амп} = K_0 \cdot \frac{h_0}{100} \quad (7.4)$$

мұндағы $Z_{амп}$ – амортизациялық аударылымдар сомасы, млн теңге;

K – негізгі қорлар құны, млн теңге;

h_0 – амортизациялық аударылымдар нормасы, %.

$$Z_{амп} = \frac{6 \cdot 96,965}{100} = 5,82 \text{ млн. теңге}$$

Амортизациялық аударылымдар нормасын 6% деп қабылдаймыз.

Амортизациялық аударылымдар нормасы негізгі қорлардың нысандарының әрқайсысы үшін олардың нормативтік қызмет ету мерзімдеріне байланысты орнатылады.

$$h_0 = 100 \cdot \frac{1}{t}, \quad (7.5)$$

немесе

$$h_0 = \frac{C_{\text{ныс}} - C_{\text{л}}}{t} \cdot 100, \quad (7.6)$$

мұндағы $C_{\text{ныс}}$ – негізгі қорлар нысандарының құны, млн теңге;
 $C_{\text{л}}$ – нысанның ликвидациялық құны, өндірісте шығарылып тасталатын нысанды толығымен немесе бөлшектеп (материалдарын, бөлшектерін) сатудан түскен қаржы, млн теңге.

Кәсіпорынның кейбір негізгі қорларына амортизациялық аударылымдар нормасы келтіріледі.

Негізгі қорлардың нысанның амортизацияланып бітпеген бөлігінің құны тозу мен моральдық тозу салдарынан нысан нормативтік мерзімнен ерте істен шығарылып тасталған кезде пайда болады. Ликвидациялық құн өндірістен шығарылатын нысанның оны сатып жібергеннен түскен қаржыны білдіреді.

Өндірістің тиімділігі негізі қорлардың ғылыми-техникалық деңгейіне байланысты ғана емес, сонымен қатар ғылым мен техниканың қазіргі заманғы жетістіктеріне сәйкестігі және оларды өндірістік үрдісте толық қуатында пайдалануына да байланысты болады.

Эксплуатациялық шығындарды анықтайық. Амортизация жұмыстарына кеткен шығындарды есептейік.

Электр қондырғыларының физикалық немесе моральді тозуына байланысты олардың тозуына кеткен шығындардың орнын толтыру үшін электр қондырғыларының құнының бөлігінен ақша бөлінеді. Бұл бөлінетін ақша амортизациялық шығын деп аталады. Ол барлық шығынның 51%-ын құрайды.

Бөлме, монтер пунктін жылыту, барлық ғимараттарды, кәсіпорын бөлмелерін, жөндеу базаларын және т.б. жарықтандыру шаруашылық қажеттіліктеріне жатады.

Шығынның қалған 49%-ын келесідей табамыз:

$$Z_{\text{дон}} = Z_{\text{амп}} \cdot \frac{49}{51} = \frac{5,82 \cdot 49}{51} = 5,6 \text{ млн теңге}$$

Сонда толық шығын келесідей болады:

$$Z_{\text{пол}} = Z_{\text{амп}} + Z_{\text{дон}}, \quad (7.7)$$

$$Z_{\text{пол}} = 5,82 + 5,6 = 11,42 \text{ млн теңге}$$

Осыдан өзіндік құнды табуға болады:

$$S = \frac{Z_{\text{пол}}}{W}, \quad (7.8)$$

$$S = \frac{11,42}{57,6} = 0,2 \frac{\text{тенге}}{\text{кВт} \cdot \text{сағ}}$$

Өзіндік құнға тағы 10% қосамыз, өйкені табыс ескерілуі керек. Ол келесідей анықталады:

$$S_{ПС} = 0,2 \cdot 1,1 = 0,22 \frac{\text{тенге}}{\text{кВт} \cdot \text{сағ}}$$

Жылдық кірісті анықтаймыз. Қосалқы станса арқылы кірістік налогты 20% құрайды деп аламыз:

$$\sum \Pi_z = W_{\text{год}} \cdot 0,1 \cdot S_{ПС} \cdot 0,8 \quad (7.9)$$

$$\sum \Pi_z = 57,6 \cdot 0,1 \cdot 0,22 \cdot 0,8 = 1,01 \text{ млн.тг}$$

Алматы қаласындағы электр энергиясы 2014 жылдың наурыз айындағы тарифіне сәйкес 14,36 теңге/кВт·сағ құрайды. Қосалқы стансаның баға түрлену механизімін және оның құрамаларын қарастырайық:

- электр стансасынан электр энергияны сатып алу (5,5 теңге/кВт·сағ);
- КЕГОК ҰЭТ тарифі (1,4 теңге/кВт·сағ);
- «АЖК» тарифі (5,31 теңге/кВт·сағ);
- «Арай» ЖШС жеке тарифі (1,37 теңге/кВт·сағ).

Сол кезде қосалқы стансаның электр энергиясының өзіндік құны 13,58 теңге/кВт·сағ құрайды. Электр энергияны тұтынушыларға 14,36 теңге/кВт·сағ бағасымен сатқан кезде, ЖШС 0,78 теңге/кВт·сағ көлемінде кіріс алады.

Кіріс салығын есептеген кездегі берілген түрдегі жылдық кіріс келесіні құрайды:

$$\sum \Pi_{\text{кп}} = W_{\text{год}} \cdot 0,78 \cdot 0,8 = 57,6 \cdot 0,78 \cdot 0,8 = 25,94 \text{ млн теңге.} \quad (7.10)$$

Өнеркәсіптің екі түрінен де алынған суммалық кірісі келесіні құрайды:

$$\sum \Pi = \sum \Pi_{\text{кп}} + \sum \Pi_z ; \quad (7.11)$$

$$\sum \Pi = 25,94 + 1,01 = 26,95 \text{ млн теңге.}$$

NPV анықтау (таза әдеттегі құн)

Берілген әдіс келесіден тұрады:

1. Керекті шығын бағасы анықталады, яғни берілген жоба үшін неше қаражат керек екені анықталады.

2. Жобадан келешекте түсетін ақшалай түсілімдердің қазіргі бағасы есептелінеді. Әр жылдағы табыс CF (кэш-флоу) қазіргі уақытта беріледі.

$$PV = \sum_1^n \frac{CF_n}{(1+r)^n}, \quad (7.12)$$

мұндағы CF – жыл сайынғы ақшалай түсім;
n – жобаны тарату жылдары;
r – банктің пайыздық қойылымы.

Берілген шығын бағасы (I_0) берілген табыс бағасымен салыстырылады. Олардың айырымы жобаның таза әдеттегі құнының бағасын береді.

Берілген жобаны тұтастай инвестициялауды бағалауды таза әдеттегі құн (NPV) әдісімен жүргіземіз. Инвестиция анализінің осы әдісі инвестициялаушы жобаны ұсыну нәтижесінде фирманың құндылығының өсу шамасын көрсетеді, ол екі сілтемеден тұрады:

- 1) Кез-келген өнеркәсіп өзінің нарықтық құнының өсуіне ұмтылады;
- 2) Әр түрлі уақыттағы шығындардың біркелкі емес құны болады.

NPV анықтау үшін жобаның әр жылдағы қаржы ағынының шамасын сараптау керек, сосын оларды уақыт бойынша теңестіру үшін жалпы бөлімге келтіру керек. Яғни NPV – жобаны тарату барысында туындайтын ақша түсімдерінің қосындысы мен осы жобаны тарату үшін қажетті барлық шығындардың қосындысы арасындағы айырмашылық.

Таза келтірілген құн келесідей анықталады:

$$NPV = \sum_1^n \frac{CF_n}{(1+r)^n} - I_0, \quad (7.13)$$

мұндағы CF – жыл сайынғы ақшалай түсім;
n – жобаны тарату жылдары;
 I_0 – толық қосынды инвестиция;
r – банктің пайыздық қойымы.

Ақша ағымы келесі формуламен анықталады:

$$CF = \Pi_q + I_{ao}, \quad (7.14)$$

мұндағы Π_q - таза кіріс, млн.тенге;
 I_{ao} – амортизациялық аударымдар, млн.тенге.

$$\begin{aligned} CF &= 26,95 + 5,82 = 32,77 \text{ млн.тенге,} \\ PV &= 32,77 \cdot 0,87 = 28,5 \text{ млн.тенге,} \\ NPV &= -265,7 + 28,5 = -237,2 \text{ млн.тенге.} \end{aligned}$$

7.3кесте – Берілген нұсқа үшін NPV есебінің нәтижесі

Жылдар	CF, млн теңге	$1/(1+r)^n$	PV, млн теңге	NPV, млн теңге
0	265,7	1	32,77	-265,7
1	32,77	0,87	28,5	-237,2
2	32,77	0,756	53,27	-208,7
3	32,77	0,657	74,8	-180,2
4	32,77	0,571	93,51	-151,7
5	32,77	0,5	109,89	-123,2
6	32,77	0,43	123,98	-94,7
7	32,77	0,4	137	-66,2
8	32,77	0,35	148,4	-37,7
9	32,77	0,3	158,231	-9,2
10	32,77	0,26	166,75	19,3

Бұл есептеулер бойынша, «HALYK BANK»-нен несие бойынша 15% үстемесін ескере отырып алынған қаражатты шамамен 10 жылдан кейін бізге пайда алып келеді.

$$PV=32,77 \cdot (0,87+0,756+0,657+0,571+0,5+0,43+0,4+0,35+0,3+0,26)=166,93 \text{ млн. теңге}$$

Рентабелділік индексі - profitability index (PI) – таза дисконтталған пайданы инвестицияға бөлу арқылы анықталады.

Егер:

$PI > 1$, онда жобаны қабылдау керек;

$PI < 1$, онда қабылдаудың қажеті жоқ;

$PI = 1$, жоба пайда да және шығында әкелмейді.

Рентабелділік индексі таза дисконтталған құннан айырмашылығы салыстырмалы көрсеткіш болып саналады. Жобаларды таңдауда, егер олардың NPV бірдей болған кезде PI қарап таңдауға болады.

$$PI = \sum_{t=1}^n \frac{PV / (1+r)^t}{K_0} = \frac{166,93}{96,965} = 1,72 \quad (7.21)$$

PP анықтау (орнын толтыру мерзімі)

Бұл әдіс бастапқы инвестиция сомасын төлеу үшін қажет мерзімді анықтау болып табылады. Орнын толтыру (PP) есебінің алгоритмі инвестициядан жекеленген кірісті бірдей таратумен тәуелді болады. Егер кіріс бірдей болса, онда төлеу мерзімі бір уақыттағы шығынды жылдық кіріс шамасына бөлу арқылы есептеледі.

$$PP = \frac{I_0}{CF}$$

(7.22)

$$PP = \frac{96,965}{32,77} = 3 \text{ жыл}$$

Қорытынды

Бұл дипломдық жұмыс электротермиялық жабдықтар зауытын электрмен жабдықтау болып табылады. Жұмыста келесі негізгі нәтижелер алынды.

Дипломдық жұмысына берілген мәліметтер бойынша зауыттың 0,4 кВ кернеудегі барлық жүктемелері есептелді: $S_p=9235$ кВА. 6хТМ – 1600 –6,3/0,4 типті цехтік трансформаторлар таңдалды. 0,4 кВ кернеуде 6хКРМ – 0,38 – 500 төменгі кернеулі конденсаторлар батарейлері көмегімен реактивті қуат компенсациясы жасалды.

Зауыт бойынша 6 кВ кернеудегі БТҚС шинасының СҚ, БТҚС мен пештік трансформатор шығындарын есепке ала отырып жүктемесі анықталды: $S_{p.зав}=12275,5$ кВА.

6,3 кВ шинада реактивті қуатқа компенсация жасалынды. Әр секцияға реактивті қуаты 2250 квар болатын УКРЛ(п)-57-2250 2 батарея конденсаторлары таңдалынды. Доғалы болат балқытқыш пешке жеке компенсация жасалынды, яғни 1350 квар болатын УКЛ57-6,3-1350 типті 2 батарея конденсаторлары таңдалынды.

Дипломдық жұмысында сыртқы электрмен жабдықтау сұлбасының екі нұсқасы қарастырылған. Солардың ішінен ең экономикалық және техникалық жағынан рационалды электрмен жабдықтау жүйесінің 35 кВ нұсқасы таңдалды. Осы нұсқаға сәйкес жоғары кернеулі қондырғылар: кіріс ажыратқыштары, секционды ажыратқыш, айырғыштар, жүктеме ажыратқыштары, тармақты линиялардың ажыратқыштары, СҚ ажыратқыштары, және де олардың кабелдері таңдалды. Өлшеуіш жабдықтар, тоқ және кернеу трансформаторлары таңдалды. БТҚС шинасы мен төменгі кернеулі қондырғылар да таңдалды.

Экономикалық бөлімде «Электрмен жабдықтаудың құрылысына салынатын инвестицияның экономикалық және финанстық эффективтілігі» тақырыбында бизнес – жоспар жасалды. Есептеулер бойынша ақталу мерзімі дисконттаусыз 4 жыл.. Жыл сайынғы түсіп отыратын ақшалы түсім $GF=59,5$ млн тенге деген риск деңгейінің төмендігін көрсетеді.

Өмір тіршілік қауіпсіздік бөлімінде зауыттың еңбек қорғау бойынша талдаулар жасап және зауыттың ажырату қорғаныс құрылғысын таңдау мен есептеу анықталды. Сонымен қатар зауытта орналасатын прожекторлық жарықтанудың түрлерімен есептелуін қарастырдық

Осы дипломдық жұмысты жазу үрдісінде өндіріс аумақтарына және тағыда басқа орындарда толық электрмен жабдықтауды үйрендім.

Қысқартулар мен белгіленулер тізімі

АТҚ– ашық тарату құрылғысы

ӘЖ –әуе желісі

БТҚС –бас төмендеткіш қосалқы станция

БЭЖ –бірыңғай энергетикалық жүйе

ДББП –доғалы болат балқытқыш пеш

ДРШ –доғалы разрядты шамдар

ЖККБ –жоғары кернеулі конденсаторлар батареясы

ЖҚҚ –жеке қорғану құралдары

ЖТҚ –жабық тарату құрылғысы

ҚТ–қысқа тұйықталу

ЛШ –люминисцентті шамдар

СҚ –синхронды қозғалтқыш

ТККБ –төменгі кернеулі конденсаторлар батареясы

ТҚ – тарату құрылғысы

ТҚС – трансформаторлық қосалқы станция

ЭБЖ – электр беріліс желісі

МЕСТ – мемлекеттік стандарт

АҚ – акционерлік қоғам

ЖШС– жауапкершілігі шектеулі серіктестік

ҰЭТ– ұлттық энергияны тарату

Әдебиеттер тізімі

1. Князевский Б.А., Липкин Б.Ю. “Электроснабжение промышленных предприятий” – М. Высшая школа, 2001 г, 400 с.
2. “Справочник по проектированию электрических сетей и электрооборудования” под редакцией Ю.Г.Барыбина и др. – М. Энергоатомиздат, 1991 г, 464 с.
3. “Справочник по проектированию электрических сетей и электрооборудования” под редакцией Ю.Г.Барыбина и др. – М. Энергоатомиздат, 2002 г, 576 с.
4. “Справочник по электроснабжению и электрооборудованию” В 2 т. под редакцией А.А.Федорова. – М. Энергоатомиздат, 1986 г, 568 с.
5. Неклепаев Б.Н., Крючков И.П. “Электрическая часть электростанций и подстанций”. Справочник – М. Энергоатомиздат, 1989 г.
6. Рожкова Л.Д., Козулин В.С. “Электрооборудование станций и подстанций” - М. Энергоатомиздат, 1987 г.
7. РТМ 36.18.32.4-92
8. ПУЭ Издание седьмое. От 08.07.2002 № 204
9. ПТЭ и ПТБ, 1969 г.
10. Г.Н. Ополева - Схемы и подстанции электроснабжения. Справочник. Москва ФОРУМ-ИНФРА-М 2006 г.
11. Правила устройства электроустановок. Минэнерго СССР – М.Энергия, 1986 г.
12. Федоров А.А., Каменева В.В. “Основы электроснабжения промышленных предприятий” – М. Энергоатомиздат, 1984. – 472 с.
13. Положение об аттестации производственных объектов организации по условиям труда. Постановление коллегии от 22 мая 1995 года.
14. Свенчанский А.Д., Трейзон З.Л., Мнухин Л.А. “Электроснабжение и автоматизация электротермических установок” – М.: Энергия, 1980. – 320 с.
15. П. А. Долин, Основы техники безопасности в электроустановках Энергоатомиздат 1984 г.
16. Свенчанский А.Д., Жердев И.Т. “Электрические промышленные печи: Дуговые печи и установки специального нагрева” – М. Энергоиздат, 1981. – 296 с.
17. Болотов А.В., Шепель Г.А. “Электро-технологические установки” – Алма-Ата: Мектеп, 1983. – 256 с.
18. Баклашов Н.И., Китаева Н.Ж., Терехов Б.Д. “Охрана труда на предприятиях связи и охрана окружающей среды” – М.: Радио и связь, 1989. – 288 с.
19. Хакімжанов Т.Е. “Еңбек қорғау” – Алматы: «ЭВЕРО», 2008 – 240б.

20. Р. Н. Карякин. Заземляющие устройства электроустановок. Справочник. Москва 2002 г

21. Методические указания по структуре и требованиям к содержанию и оформлению дипломных работ для студентов специальности бакалавриата 050718 «Электроэнергетика» составлены в соответствии с ГОСО РК 3.08.345-2011

22. www.proektant.org

23. www.OpenGost.ru

24. www.dwg.ru

Зауыттың жарықтық жүктемесі

Лист Microsoft Office Excel - Microsoft Excel

Разметка страницы Формулы Данные Рецензирование Вид Office Tab

Перенос текста Общий Условно форматирование

Объединить и поместить в центре Число

Выравнивание

№

№	Өндірістік бөлме атауы	Бөлме өлш.		Аудан, м ²	cos φ _м	K _с	P _у , кВт	cos φ _с	tg φ _с	P _{р.о.} , кВт	Q _{р.о.} , квар
		Ұз, м	Ені, м								
1	Механикалық цех №1	51	75	3825	0,011	0,95	42,075	0,65	1,17	39,97	19,98
2	Жинау цехы №1	60	75	4500	0,011	0,95	49,5	0,65	1,17	47,025	23,51
3	Түсті металл өңдеу цехы	30	45	1350	0,011	0,95	14,85	0,65	1,17	14,1	7,05
4	Бейстандарттық жабд. цехы	75	15	1125	0,011	0,95	12,375	0,65	1,17	11,75	5,87
5	Құйу цехы	75	60	4500	0,013	0,95	58,5	0,75	1,02	55,57	27,78
6	Асхана	30	45	1350	0,02	0,9	27	0,9	0,5	24,3	12,15
7	Компрессор: СҚ 6кВ	30	15	450	0,01	0,8	4,5	0,8	0,75	3,6	1,8
8	Конструкторлық корпус	15	75	1125	0,016	0,55	18	0,6	1,33	9,9	4,95
9	Металл қаптау цехы	30	60	1800	0,011	0,95	19,8	0,8	0,75	18,8	9,4
10	Механикалық цех №2	87	36	3132	0,011	0,95	34,45	0,65	1,17	32,72	16,36
11	Жинау цехы №2	87	45	3915	0,011	0,95	43,065	0,65	1,17	40,91	20,45
12	Металлографиялық зертх.	18	27	486	0,02	0,8	9,72	0,8	0,75	7,77	3,88
13	Сорғы	45	27	1215	0,01	0,8	12,15	0,8	0,75	9,72	4,86
14	СКБ сынақ цехы	30	45	1350	0,02	0,8	27	0,8	0,75	21,6	10,8
15	Келергі цехы	42	45	1890	0,02	0,8	37,8	0,8	0,75	30,24	15,12
16	Машиналық цех	69	24	1656	0,011	0,95	18,22	0,65	1,17	17,3	8,65
17	Вакуумлық пеш зертх.	69	24	1656	0,02	0,8	33,12	0,8	0,75	26,49	13,24
18	Доғалық пеш зертханасы	30	45	1350	0,02	0,8	27	0,8	0,75	21,6	10,8
	Аймақты жарықтандыру			99648	0,009	1	896,83	0,9	0,5	896,63	448,4

Зауыттың жарықтық және күштік жүктемесін Microsoft Office Excel жабдығында жасау

№ по плану	Наименование цеха	ЭҚ саны n	Орнарылған қуат			m	K _л	cos φ _с	tg φ _с	Орт. қуат		n _э	K _р	Есептік жүктеме	
			P _{min} , кВт	P _{max} , кВт	Жалпы P _н , кВт					P _{с.м.} , кВт	Q _{с.м.} , квар			P _{р.} , кВт	Q _{р.} , квар
1	Механикалық цех №1														
	а) күштік	150	1,7	75	3100	>3	0,25	0,65	1,17	775	906,75	83	0,7	542,5	906,75
	б) жарк. жүктеме													39,98	19,98
2	Жинау цехы №1														
	а) күштік	50	1	80	1200	>3	0,25	0,65	1,17	300	351	30	0,75	225	351
	б) жарк. жүктеме													47,025	23,51
3	Түсті металл өңдеу цехы														
	а) күштік	35	5	200	600	>3	0,25	0,65	1,17	150	175,5	6	0,95	142,5	175,5
	б) жарк. жүктеме													14,1	7,05
4	Бейстандарттық жабд. цехы														
	а) күштік	75	1,1	20	850	>3	0,25	0,65	1,17	18,7	21,9	75	0,7	13,12	21,9
	б) жарк. жүктеме													11,75	5,87
5	Құйу цехы														
	а) күштік	70	3,2	50	2250	>3	0,6	0,75	1,02	1350	1377	70	0,8	1080	1377
	б) жарк. жүктеме													55,57	27,78
	Жалпы													1135,57	1404,78

Қосымша Б

Зауыт бойынша жүктемелердің нақтыланған Microsoft Office Excel
жабдығында жасау

I	J	K	L	M	N	O	P	Q	R	S	T	U	V	W	X
№ТП	Цех №	N	н.тп, кВт	н.таж, кВт	ЕРн, кВт	Кн		Рсм, кВт	Қсм, кВА	пэ	Кр	Рр, кВт	Қр, кВА	Sp, кВА	Кз
1	2	3	4	5	6	7		8	9	10	11	12	13	14	15
ТП1 (2x160 0кВА)	2	50	1	80	1200			300	351						
	10	150	7	70	2650			662,5	775,1						
	11	60	0,8	40	2100			525	614,2						
	12	20	5	20	240			108	81						
	13	4	125	125	510			375	281,2						
күштік жарықт андығу террит. жарқ ҚНБК жалпы		284			6700	0,3		1970,5	2102,5	108	0,7	1379,4 138,1 269 1786,5	2102,5 68,98 179,36 -1000 1349,8	2239	0,68
ТП2,Т ПЗ (4x160 0кВА)	1	150	1,7	75	3100			775	906,75						
	3	35	5	200	600			150	175,5						
	4	75	1,1	20	850			18,75	21,9						
	5	70	3,2	50	2250			1350	1377						
	6	25	1,8	25	320			144	69,12						
	7	0	0	0	0			0	0						
	8	20	1,7	28	450			180	240						
	9	18	10	55	370			148	111						
	14	40	3,2	40	510			229,5	172,1						
	15	20	10	90	480			216	162						
	16	14	10	80	800			200	234						
	17	20	30	70	960			432	324						
	күштік жарықт андығу террит. жарқ ҚНБК жалпы		504	11	200	11370	0,36	4149,3	3698,9	114	0,7	2904,5 295,24 583 1786,5	3698,9 206,62 269,04 -2000 1349,8	4324,2	0,7

Қосымша В

ТП бойынша цехтер жүктемелерін орналастыруды Microsoft Office Excel жабдығында жасау

F	G	H	I	J	K
№ТП, Сн.гр, Q _{нбк}	Цех №	P _{p0,4} кВт	Q _{p0,4} квар	S _{p0,4} кВа	Кз
1	2	3	4	5	6
ТП1 (2x1600)	2	272,025	374,51		
	10	529,52	791,46		
	11	408,41	634,65		
	12	99,57	84,8		
Q _{нбк} =2x500	13	373,42	314,23		
Q _{нбк} =1000кВар	Жарқ	269	179,36		
			2379		
			-1000		
Нақтысы		1951,9	1379	2389,88	0,74
ТП2(2x1600)	1	582,48	926,7		
ТП3(2x1600)	3	156,6	182		
Q _{нбк} =4x500	4	24,87	37,74		
Q _{нбк} =2000кВар	5	1135,57	1404,78		
	6	146,7	81,27		
	7	3,6	1,8		
	8	162,9	244,35		
	9	144,61	120,4		
	14	205,2	182,9		
	15	213,84	177,12		